



Мағжан С.,
Дүйсенова М.

ТІЛДІК ҚАТЫСЫМ ЖӘНЕ БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛ ТҮРЛЕРИ

*В статье рассматриваются
коммуникативные функции языка и его
бейвербальные виды.*

*The communicative functions of language
and its unverbal types are considered in
this article.*

Қарым-қатынас, тілдесім кезіндегі бейвербалдылықты білдіретін параамалдар тудыратын эмоцияларды жасалу жолына қарай бірнеше топқа бөліп қарастырамыз.

Коммуникативтік акті кезінде бейвербалды амалдар арқылы жасалатын адам эмоциясының ақпараттық маңызы бар түрлері деп мыналарды атап көрсетсек болады:

Кинесикалық амалдар: Қабақ шыту, қабагын түю, қабагын тұкситіп жіберу, қабагын қарстую, қолын сермеу, қол құсыру, екі қолын жасау, қол жасау, қол соғу, алақанын жасау, қолын сілтеу, қолын көтеру, қолын шығару, қолын кокке көтеру, екі қолын кеудесіне қою, жасын таяну, бармагын тістіеу, бетін басу, басын изеу, басын шайқау, бас ию, ернін тістіеу, ернін жысмыру, маңдаійнан үрү, маңдаійнан іскеу, маңдаійна алақанын тигізу, алақанын соғу, қабагын көтеріп күлу, мұрнын тыржисту, бет шымшиу/сызу, тістену, қызару, жасасын ұстаяу, езу тарту, ернін қисайту, шашын жулу, көз салу, көз қызығын салу, көзін сығырайту, көзін жұму, көзін жұмыт, басын изеу, белін таяну, денесімен еңсеріле бұрылу, тізе бұгу, бұрылып жүріп кету, кеудесін керу, шығын қомдау, мықынын таяну, иегімен нұсқау, иегін көтеру, еміну, тамсану, ішін тарту, санын соғу, орамал бұлғау, бөркін лақтыру, қамишыны колденен тастау, жұдырығын тую, т.б.

Просодикалық амалдар: Дауысы дірілдеу, дауысын ақырын/қатты шығару, міңгірлеу, күлу, жылау, қырылдау, қырылдай сойлеу, сыйырлай сойлеу, курсіну, ышқыну, үнілеу, демін ішіне тарту, демі дірілдеу, т.б.

Такесикалық амалдардың эмоцияны жеткізуі де айтарлықтай маңызды: шығымен сүйкеп оту, алақанын құшырлана ысқылау, құшиқтау, белінен ұстаяу, арқасынан сипау, қол ұстасу, жасасын кету, тізесіне отыргызу, итеріп жіберу, аяқтан шалып жіберу (шалып қалу), қол беріп амандасу, бетіне ернін тигізу (сую), шашынан іскеу, құшырлана іскеу, қолын сую, т.б.

Был мен ишаралтын түсіндірме сөздігінін авторлары құшактасу (құшактау) такесикалық параамалының бірнеше мағынасын ашып көрсетеді.

Құшактасу (құшактау) – екі адамның бірбіrine өте жақын келіп, құшақ айқастыруы, құшактасуы. Біреуге кездесуге қатты қуану; сүйіспеншілік; біреуді жұбату, сабырға шакыру [1.114].

1 Біреумен кездесуге қатты қуану; сүйіспеншілік белгісі. Мысалы:



Шамнан бұрын топырлап кіріп жатқан жұртқа араласа жасы мен шамалас, кескіні де маған үқастау, бірақ бойы менен сұнғағырақ, мұрны менен гөрі қырлырақ бір жас жігіт “көне, нағашым?” деп куана кірді де, ешкім “мынау” демей-ақ, менімен құшақтаса кетті [1.114]; – Жоқ, білмейсін. Борашқа қосылып айту үшін бір жеті үйренуін керек. Мұнын даусына бүкіл қала жаңғырығады. Не әбден қысылғанда, не болмаса жексенбі күнгі базарда айтартсындар? – деп, Шеген Борашты сол қолымен бір құшақтады да:

– Сенін де үсті-басын толған өнер білем, ку шеке! – деп, мені де арқаға қағып-қағып қойды (F.Мұсірепов).

Арқадан қагу – такесикалық парашамал. Көбінесе он қолдын алақанымен қағу арқылы іске асады. Қазақ халқында ұл балалардын арқасынан қағады. Ризашылық, сүйіспеншілік, т.б. мағыналарда жұмсалады. Мысалы: Менін екі құлағым соларда болатын. Үшінші естігенде мен өзіне айтып бергенімде:

– Оу, Бауыржан-ау, өзін құйма құлак екенсін гой, шырағым, – деп Құлжабай *арқамнан қақты* (Б. Момышұлы).

Паралингвистика ең алдымен жұмсалымды (функционалдылықты) білдіретін ұғым, сондықтан оны лингвистикалық амалдардың көмекші белгі ретінде қарастырып жүрміз. Олай деуімізге себеп болып тұрған фактор нақты бір сөйленісті іске асыру үшін қолданылатын тілдік емес құралдардың функционалды түрде нақты бір коммуникативтік акт кезінде қолданысы болып отыр. Сондықтан да: “Паралингвистика поэтому не может быть отраслью науки, изучающей просто ситуации и поведение человека, она должна ставить себе задачу непосредственно лингвистического истолкования неязыковых факторов применительно к конкретной структуре речевого высказывания, функциональных связей, возможностей, границ, типов этих факторов и их взаимодействия с языковой структурой”, – деген пікірді басшылықка аламыз [2.20].

Кейір ғалымдар дene кимылдарының семиотикасын зерттейтін пәнді **кинесика** деп атап жүр. Мұндай мағынада жұмсалатын кинесика бүкіл паралингвистикалық емес дene қимылдарын зерттеуі тиіс болып шығар еді. Тіпті адамзаттын тілдік емес коммуникация түрлерінін бәрін, онын ішінде зоосемиотиканың өзін де қарастыруға мәжбүр болар еді. Мұндай көзқарастар да өмір сүреді.

Кинесика – грек тілінен енген термин, қозғалыс дегенді білдіреді. Қол, бет, көзбен жасалатын түрлі ым-қимылдардың мағынасын зерттеп, түсіндіретін ғылым саласы.

Сонымен, кен мағынасындағы кинесиканы алсақ, бұл дene мен дene мүшелерінін таңбалық қозғалысын, тұрлі ишараптарды қарастыратын сала болып шығады. Ишараптарға қол, аяқ, бас және бет пішінін қатысуымен іске асырылатын мимика, мимикалық ишараптар, тұрлі позалар, белгілі бір мәні бар дene кимылдары жатады, сондай-ақ осылардың қатарын кешенді бейвербалды таңбалық формалар мен манералар да толықтырады.

Ишараптар бірқатар жерлерде өз алдына дербестік сипат білдіріп, коммуникация кезінде жеке өмір сүре алады. Бұл даралық сипаты оны өзге амалдардан айрықша етіп көрсетеді. Мысалы, интонация мен дауыстау секілді паралингвистикалық құбылыстар сөйленістен ажырағысыз болса, кинесикалық элементтер дербес өмір сүре алады. Интонация мен дауыстау дауыс ыргағына, дауыстын қатты, жұмсақ шығуына, нығыздай, нығарлай сөйлеуге, бір сөзбен айтқанда, дыбысқа тәуелді. Дыбыс шықпаса, оларды да сезу, есту, түсіну, жазып көрсету, көру мүмкін емес. Ал өзге дауыстан тыскары параамалдар туралы олай дей алмаймыз. Оларды көруге, көру арқылы мағынасын түсінуге, сезінуге (арқадан сипау, итеріп қалу), тілде вербалды амалдар арқылы бейнелеуге, жеткізуге, сейтіп коммуникациялық әрекетті іске асыруға болады.

Кинесикалық амалдар адам эмоциясының басқа біреуге, екінші бір адамға анық жетуін қамтамасыз ететін тілдік құрал. П. Экман адамның эмоциясын білу үшін бет-элпеттін тұрлі бөліктеріне эксперимент жасап байқаған. Сонда онын көзі беттін төменгі бөлігінде ашу, қуану, қайғыру, яғни жағымсыз ренкі бар эмоция анық білінетіндігіне; органды бөлік арқылы қуану, қайғыру, корку сезімі нақтырақ беріліп, ал жақтырпау сезімін ортандырылады. Ал жақтырпау сезімін ортандырылады.

Жалпы алғанда, адамның өз ішкі сезімін **мимикалық** немесе бет-пішінін қимылдары арқылы жеткізу мүмкіндігі зор.

Негізгі кинесикалық құралдардың ішінде ишараптардың алатын орны айрықша. Тұрлі ұлттар мен халықтардың ишараптар жүйесі мейлінше жақсы зерттелген. Соған орай олардың функционалдық класификациясы жасалған. Айталық, осындағы класификация жасалған функционалдық ишараптар түріне сәлемдесу, қоштасу, шақыру, келісу, жоққа шығару, тан қалу, т.б. жатқызылып жүр.



Ім мен ишаратты мағынасына қарай жіктеуді (классификация жасауды) алғашқылардың бірі болып орыс тіл білімінде Е.Д. Поливанов қолға алған еді. Ол ым мен ишараттарды символдық, экспрессивтік (эмоцияны білдіретін немесе табиғи) және сипаттамалы деген үш түрге бөледі [3.28].

Одан кейінгі уақытта ым мен ишараттарды әртүрлі белгілеріне қарай жіктеу орын алды, айтальық, мағынасына, құрылымына қарай, таңбалық түріне (фигурасына) қарай, аударылу принципіне қарай, жалпы семантикасына қарай, қарым-қатынас кезіндегі тональдылығына қарай, мағыналық категориясына қарай, қарым-қатынастағы маңыздылығына, құндылығына қарай, т.б. [4.36].

Көп жағдайда түрлі ым мен ишараттардың ара-жігінін айқын болмай, анық көрінбей, байқалмай тұруы, өшкін болуы нақты бір себептерге байланысты болады. Ара-жіктік айырмашылықтың өшкіндігі ым мен ишараттардың мәнмәтіндегі орнынан, қызметінен, сондай-ақ мәтінде атқаратын қызметінін әр алуандығынан, көп функционалдылығынан туындауды, яғни коммуникациялық қызметі маңызды болып табылады.

Соған орай ым мен ишараттарды коммуникациялық маңызына қарай екі топқа бөлуге болады:

а) кодталған я болмаса лингвистикалық жүйедегі саналы түрде қолданылатын бейвербалды ақпарат жеткізуі элементтер;

ә) қарым-қатынасқа қатысушы тараптардың көніл-күйінен, мінезінен, эмоциясынан, сезімінен хабар жеткізетін бейкодталған ым мен ишараттар.

Зерттеуші С. Бейсембаева паралингвистикалық амалдарды үш топқа бөледі:

1) символикалық (иероглифтер): а) ритуалды; ә) шартты (мақұлдау, нақтылау, т.б.).

2) бейнелеуіштік (сипаттамалы): а) заттық (түр, көлем, сан, т.б. қазақ тіліндегі тыбымдарды білдіретін ым мен ишарат түрлері, т.б.); ә) нұсқауыш (дейктикалық): орны, қозғалысы, бағыты байқалатын ым мен ишарат түрлері; б) квантативті (ритмикалық ишараттар).

3) экспрессивті: а) модальды; ә) эмоционалды [5.14].

Бұл жіктеудін алғашкы екі тобы ғалымдар тарапынан бірауыздан паралингвистикалық амалдар болып мақұлданса, соңғы топтың өзіндік және тілдік статусы ғалымдар тарапынан толық анықталмаган күйде қалып қойып тұр.

Кейде эмоция мен экспрессияны немесе тек қана ым, не болмаса тек қана ишарат білдіреді. Коммуникация кезіндегі сөз берін бейвербалды элементтердің маңызы мен рөлін салыстыра келіп Ш. Балли: “Роль слов в высказывании уменьшается пропорционально увеличению роли чувств”, – десе [6.87], тағы бірде: “Неартикулируемые элементы (то есть интонация, мимика, жесты, выразительные движения) употребляются в тем большем количестве и приобретают тем большее значение, чем более имплицитным и недостаточным оказывается словарное предложение. Это именно они вопреки видимости, превращают наиболее скучные высказывания в полные эксплицитные выражения”, – деп көрсетеді [7.56].

Этикеттік нормалардың коммуникациялық қарым-қатынас кезіндегі алатын орны мен маңызына қарай және қолданысындағы ерекшелігіне қарай бейвербалды амалдарды (бұл жерде, негізінен, ишараттар):

а) этикетке сай, этикет бойынша; ә) этикетті-бейтарап; б) этикет бойынша қолдануга тыыйым салынган ишараттар деп үш түрге бөлеміз.

Этикет құрылымындағы мәдени ареалды сипаттауға байланысты тілдік қарым-қатынас кезінде қолданылатын бейвербалды амалдарды тональдылықтың түрлі шкалаларына сәйкес былай бөлеміз:

а) жоғары тональдылықпен айтылатын (жоғары тональды ишараттар) (айтальық, шешендік ишараттар); ә) **бейтарап-тұрмыстық** (коғамдық орындарында қолданылатын); **б) фамильярлы** (арқадан қағу, жұдырықпен ишкітан нұқып қалу, т.б.); **в) дөрекі (вульгарлы) ишараттар.**

Өлеуметтік және конфессионалдық топтар мен әйелдердің, ер адамдардың, үлкендер мен балалардың коммуникация кезінде қолданатын ишараттары бар. Айтальық, діндарлардың ишараттының қарқыны (темпі) баяу жүреді, олардың сөйлеу дағдысында ымның, бет-әлпет қозғалысының қолданылуы, араласуы тым аз болып келеді. Қазақтың жасы үлкен, кадірлі, байыпты адамдарының бір ерекшелігі де дәл осы сияқты. Ен көп араласатын амал – сақалды тарамдау, бетін алақаңымен сипау, мұртын сылау. Бұлардың ақпараттық деңгейі аз, маңызды емес.

Біз ез тарапынан жай ғана жас мөлшеріне қарай бақылағанымызда, балалар мен жасөспірімдердің ым мен ишаратты сөйлеу үстінде аса жиілікпен пайдаланатындығын байқадық. Бірақ олардың барлығына ортақ, үнемі қолданылатын ишаралар мен ым түрлері жокқа тән. Көбінесе қолды бей-берекет сілкілей сөйлеу, сермеу ұл балаларға тән екендігі көрінді.



Жалпы тіл білімінде осы айтылған бейвербалды амалдарды А. Хилл енгізген термин бойынша *паралингвистика* деп аталатын тіл білімінің саласы тексеріп, зерттейтінін тағы айтып өтеміз. Паралингвистиканың зерттеу нысаны мен аясын белгілеген Дж. Трейгер болды [8.16-30].

Лингвистикалық сөздіктерде паралингвистикаға беріліп жүрген анықтамалар бірізді, бір-біріне ұқсас болып келеді. Г.В. Колшанский паралингвистика туралы: “Под парадвижения, сопровождающие речевое высказывание и несущие к его содержанию дополнительную информацию лингвистическими явлениями понимаются свойства звуковой фонаций, а так же мимика, жесты и другие выразительные движения, сопровождающие речевое высказывание и несущие к его содержанию дополнительную информацию”, – дейді [9.33].

Ал кинесика дene кимылдарының семиотикасын зерттеп, тексеретін пән десек, онда бейвербалды емес дene кимылдары осы атаудын аясында қарастырылған болар еді.

Кинесика да, паратілдік құралдар да, бұлар табиғи тілдік элементтер қатарына жатпайды. Ал кейбір ғалымдардың паралингвистикалық элементтер санатына кинесикалық амалдарды да жатқызбайтының жоғарыда атап өткенбіз. Бірақ, қалай болғанда да, бұлардың борі сөйленіс кезінде іске қосылатын сөйленістің көмекші амалдары екенін тағы да қайталап еске түсіреміз.

Көмекші амалдар екіншілік деңгейлі коммуникативтік жүйені құрайды. Бірақ олар шығу тегіне карамастан тіл арқылы түсіндірледі, тілдік жүйе оларды керегіне жаратады, тіл оларды жарыққа шығараады, сөйтіп барып тіл оларды декодтайды, мән-мағынасын ашып береді, түсіндіреді, түсінісуге мүмкіндік тузызады.

Дегенмен де, ым мен ишарраттардың борі бірдей, бірқалыпты, біртекті емес, олар бір-бірінен функциясы, қолданыс аясы, білдіретін мағынасы, контексті қажетсінуі немесе қажетсінбеуі жағынан, стиль түрлерінде жиі кездесуіне қарай және әлеуметтік топтardың қолданысына қарай ерекшеленеді. Сондықтан да ым мен ишарраттардың кейбір семиотикалық типтерінің табиғаты бір-бірінен өзгеше болып қалыптасқан.

Нақты бір лексикалық мағынасы болатын ым мен ишарраттар тіл-тілдін қай-қайсысында болмасын кездеседі. Ым мен ишарраттың мұндай түрлері вербалды мәтіннің болуын міндетті түрде қажет етпейді, олар вербалды мәтіннен тәуелсіз түрде қолданысқа түсіп, өзінше жеке өмір сүре алады.

Ал сондай бейвербалды элементтің екінші бір түріне коммуникативтік процестің әрі қарай өрбүіне әсерін тигізе, тіпті кейде бағыт-бағдарын анықтап, нұсқайтын ым мен ишарраттар жатады. Ым мен ишарраттың бұл типтерін зерттеуші Г. Крейдлин:

- 1) қалыпқа келтіруші – “устанавливающий”;
- 2) колдау түріндегі (колдаушы) – “поддерживающий”;
- 3) шегіне жеткізуши (аяқтаушы) – “завершающий” деген үш түрге бөледі [10.48].

Бейвербалды элементтердің борін түгелдей дерлік мәтінмен бірлікте, мәтінмен байланыста, мәтінмен ғана үштастыра қарастыруға болмайды. Олардың мәтінге тәуелсіз түрлері бар. Олар дербес, лексикалық мағынасы бар толық мәнді жеке-дара түрүп білдіре алатын атауыш сөздер секілді қызмет аткарады. Сондай бір мәтіннен тәуелсіз, мәтінге байлаулы болмай келіп, өмір сүре алатын бейвербалды элементтердің түрін *эмблематикалық ишарраттар* немесе *эмблемалар* дейміз.

Әмблематикалық бейвербалды амалдар екі түрге бөлінеді:

а) оның бірінші түріне *сөздің аналогы* болып келетін ишарраттар жатқызылады: *Бас шайқау* – Болмайды; *Жоқ. Мүмкін емес. Атамаңыз!* Айтпаңыз! Керек емес! Қажеті жсоқ! т.б. мағыналарды білдіреді. Бұл жерде сөз атауы шартты түрде алынып отыр, сөз деп ауыздан шыққан хабар (бірақ сөйлем дәрежесіндегі емес) ұғынылады.

Бас бармагын шошайту – Жараїсың! Керемет! Өте жақсы! Айттары жсоқ! Дегендей-ақ! Сөз жсоқ! Әдірі жақсы! Өте дұрыс! т.б.

ә) ал әмблематикалық бейвербалды амалдың екінші түріне *сөйленістің аналогы* (сөйленіспен тен дәрежедегі) бола алатын ишарраттар жатады:

Арқадан қагу – Жараїсың, саған өте ризамын! Сенікі дұрыс! Өте жақсы! Бәрекелді!

Санын алақанымен сарт еткізу – Әттең-ай, өкініште қалдым! Қат, байқамай қалғаным-ай! Ішім удаі ашып барады! Енді қайтсем екен?! Өткініш өзегімді өртеді-ай! т.б.

Қазақ тілінде осы аталған ым мен ишаррат түрлерінің қайсысы көп қолданылатыны, қазақтың ұлттық ишарраттары деп осы түрлердің қайсысын атауға болатыны бізді қызықтырды. Бірақ оның біз бірте-бірте анықтауға тиістіміз деп ойлаймыз. Дегенмен, ғалым Б. Момынова мен С. Бейсембаеваның сөздігінде қамтылған материалдарды негізге ала отырып, мынадай ой түюгө болады:



қазақ тілінде сөйленістін аналогы болып келетін эмблематикалық ишараттардың саны жеке сөздін аналогы болып келетін ишараттарға қарағанда көбірек [1.133]. Себебі, сөздіктегі материалдар арнайы мақсатты түрде іріктеліп, теріліп алынбағандықтан, нақты бір мақсаттағы бейвербалды элементтер ғана жинастырылмаған деп ойлаймыз. Соған қарамастан, материалдардың айтарлықтай көп мөлшері сөйленістін орнына жұмсалатын бейвербалды элементтер болып түзілген. Бұл түзіліс өз тарапымыздан қазақ тілінде сөйленістін аналогы түріндегі бейвербалды амалдардың саны көп деп тұжырым жасауға екелді.

Кейбір эмблемалық ишараттар сөйленістен бөлек қолданыла алады, олар дербес, өз алдына жеке, автономды, ал екінші бір түрлері міндетті түрде дыбыстық сөйленіс немесе парасөйленістік қолдаудың болуын қажетсінеді. Парасөйленістік қолдау түріндегі бейвербалды құралдарға дауыс қарқыны (темпі), тембрі (өуезділігі), интонация, дауыстың тәмен-жоғарылығы, екпін, кідіріс, сөз бола алмайтын дыбыс тіркестері, т.б. жатады. Мысалы, *сұқ саусақты ерінге тақау* ишараты *сөйлеме, сөзді тоқтат*, тыныш *түр*, үніді *шығарма* деген мағынада жұмсалады. Ал осыған қоса кейде біз сұқ *саусақты ерінге тақап*, *тесс* деген дыбыс шығармады. Бұл *тесс* өз алдына жеке сөз емес, сонымен бірге бұл аталмыш ишараттың мағынасын да білдірмейді. Ал *тесс*-тың өзі жеке тұрғанда да өзіндік мағынасы бар дыбыстардың кешені болып саналады. Сондықтан мұндаидарының түркестерін *ишараттық лексемалар* деп атайды. Сөз қылыш отырған *тесс* ишараттық лексема болғандықтан, ол мағынасы жағынан тыныш немесе *сөйлеме* дегенді білдіреді. Бұл сұқ саусақты ерінге тақау мен *тесс* секілді бейвербалды амалдардың әрқайсысының өздеріне ғана лайық, өздеріне ғана тән мәнмәтіндегі болады.

Ишараттардың екінші бір түрі *нұсқауши ишараттар* деп аталағы. *Регулятор (репттеуіш)-нұсқаушилар* сөйленіспен бірге де, сөйленіссіз жеке тұрып та орындалады. Бұларды атқаратын функциясына қарай *фатикалық* ым мен ишараттар деп атайды. Яғни мұндаидарының бейвербалды элементтер атқаратын функциясына қарай өзге ым мен ишараттардан айрықшалып тұрады. Ешқандай да бір сөздін немесе контекстін көмегінсіз-ақ түсінілестін *бас шайқау* немесе *бас изеу* осындай фатикалық ишараттардың қатарына жатады. Мысалы, *көзді ашып-жұму* фатикалық ишарат болып табылады. *Көзді ашып-жұму* келісуді, әлдене туралы айтылған ойды сөйлеммен тепе-тен дәрежеде білдіріп, ойды нақты жеткізіп береді. Сұрауға *көзді ашып-жұмым* жауап беруге болады. Мысалы:

— Сен айтқанды үқтыв ға?

Бала қозін жай ғана ашып-жұмды. Өкесі оның үққанын түсініді. Қайтып ештеңені сұрап мазасын алмады.

Бас изеу мен белгілі бір ыргақпен *көзді ашып жұму* бір-бірінің орнына жұмсалғанда береді. Мұндаидарының *бас изеудің* аналогы *көзді ашып-жұму* болып келеді. Осы аталған екі бірдей бейвербалды амалдың білдіретін мағынасы – *құптау*, *келісу*, *мақұлдау* – көп мағыналы. Мысалы: Халиолла бір жақсы жері, оны-мұнғыға мән беріп, сөз теріп жатпайды. Жай ғана *басын изеп қойып* – Шокан жетер жерінен әлдекайда асып көрінді. Сонысы көп жаманын қызығанышын қоздырды *ғой*, – деп отыр. *Бас шайқау* мен *оц қолды оңды-солды қозғау* ишараттары да бірінің орнына бірі қолданыла алады. Бұл ишараттардың білдіретін мағыналары – *келіспеу*, *қарсылық білдіру* – көп мағыналы.

Мысалы: Әркімдер:

— Сондағы сіздің бір ауыз сөзінің шығар ем болған... – деп қолпаш жасап көріп еді, ол құлжа басын *шайқап* қойып:

— Жоқ, ол отырса құртады. Жақсылық болмайды, – деп көнбейтін райынан қайтпады.

Мұндаидарының орнына бірі жұмсала беретін фатикалық ишараттарға: *иекті көтеру* және *оц (сол) қабақты керіп, жогары көтеруді* – білдіретін мағынасы бойынша *не немесе не болды?* я болмаса *не керек?*; *сұқ саусақпен әлденені немесе әлдекімді нұсқау* мен *қабақты жогары көтеріңкірей кере түсін, нұсқау* ишаратын жасау – білдіретін мағынасы – *анау*, *іздегенің ана* жерде, *сұраган адамың анау тұрған кісі* дегенді білдіреді т.б.

Бұл айтылғандардан басқа ым мен ишараттың тағы бір *иллюстративті* түрі бар. Иллюстративті ишараттар немесе денелік таңба-белгілер ғалымдардың айтуынша, белгілі вербалды мәтін болмаса ешқандай мағынаны білдіре алмайды, олардың жеке-дара өмір сұруғе қабілеті де жоқ, икемі де аз және вербалды контекстен тыс жұмсалмайды.

Иллюстраторлардың негізгі қызметі – вербалды контекстін білдіретін мағынасын аныктай түсү және сөйлеушінің айтайын деген ойының анығырақ әрі түсінікті болуына әсер ету мен ойдың тындаушыға қаз-калпында тез жеткізілуін, жетуін қамтамасыз ету ғана. Көрініп тұрғанында, жоғарыда сөз болған ым мен ишараттың регуляторлық және эмблематикалық түрлерінен иллюстраторлар



қызметі жағынан да, қолданыс аясы тұрғысынан да бөлекше болып келеді. Бұлардың қатарына, негізінен алғанда, ұлттық сипаттағы ым мен ишаралтарды жатқызуға болатын секілді. Айтальық, орыс тілінде кездесетін иллюстраттарының бірі ретінде орыс тіл білімін зерттеушілер мына бір иллюстратты атайды: “Легкое опускание век при произнесении утвердительного предложения в конце его”, “чуть расширяющиеся глаза в конце обычного вопроса и раскрытая рука (или руки) в направлении ладонями вверх и слегка наклоненная к адресату”.

Қазак тілінде дәл осыған ұқсас: әлдекімді ұнатпайтындығын білдіргенде мойнын сәл бір жағына бұрыңқырай түсін, қыыс қарай бере, көзін тоғеруді жатқызуға болады. Сонымен бірге: “Последняя мануальная форма показывает, что жестикующий намеревается сразу же вслед за исполнением данного жеста (или одновременно с ним) ввести в свою речь новую тему сообщения. В коммуникативном акте этот жест всегда выступает вместе со словами *А теперь...* и т.п., причем связь его с этими словами настолько обязательная, что наличие их в составе иллоктивного независимого речевого акта в тематической позиции однозначно прогнозирует появление данного жеста в нормальном реальном общении” [10.54].

Иллюстративті ым мен ишаралтар туралы нақты бір нәрсе айту қын. Өйткені, кейбір адамдардың өздері ұнатып жи қолданатын бейвербалды иллюстраттары болуы әбден мүмкін, сондай-ақ бір ғана иллюстратты әр адам әр түрлі жылдамдықпен, әр түрлі қарқынмен орындауы мүмкін. Мысалы, кейбіреулер қолын жай гана котеріп, саусағының ұшымен біреуді нұсқаса, екінші адам оны тезірек, тіпті өте жылдам орындауы мүмкін.

Қай кезде болмасын, адамның қандай топтың өкілі екендігі ымы мен ишаралтарынан, манерасынан байқаլып түрады. Айтальық, Қазан төңкөрісі кезінде актардың аристократ эйел бейнесінде еніп кеткен қызылдардың барлаушысы большевик қыз актардың қолына түсіп қалғанда, ак армияның контразведкасы оны әшкерелу үшін мынадай тәсіл қолданады: Қай жағынан болмасын алдыра қоймаған әккі барлаушы қыздың алдына қант салынған тәрелке мен ыстық шай әкеледі. Қыз бір түйір қантты алғып, тістер шай ішे бастағанда, оның қызылдардың барлаушысы екенін бірден бетіне басады. Сөйтсек, аристократтар қантты тек шайға салып, ерітіп ішеді екен, яғни олар қантты үнемдемейді, ал жай шаруалар мен жұмысшылар бір түйір қантты үнемдей отырып, бірнеше кесе шай іshedі екен. Сондықтан аристократтар жасайтын ишаралтарды жай қарапайым адамның жасай қоюы екіталаі деген қорытындыға барлаушылар бірден келген. Адамның манерасы, өзін-өзі ұстасу да бейвербалды амалдарынан анық байқалады дегенде осындай жағдайларды айтуға болады. Сондықтан әр әлеуметтік топтың өкілдері қолданатын парашюттардың өздеріне тән өзгешеліктері бар. Бұл бейвербалды амалдардың әлеуметтік сипатына жатады деп санаймыз. Өз алдына жеке мәселеге жатады.

Әдебиеттер:

- 1 Момынова Б.Қ., Бейсембаева С. Қазак тіліндегі ым мен ишаралтың қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 133 б.
- 2 Колшанский Г.В. Функции паралингвистических средств в языковой коммуникации // Вопросы языкоznания. – 1973. – №1. – С. 17-23.
- 3 Поливанов Е.Д. По поводу звуковых жестов японского языка // Статьи по общему языкоznанию. – М.: Наука, 1968. – С. 23-31.
- 4 Андриянов В.В. Сравнительная характеристика жестов русских и французов // Национально-культурная специфика речевого поведения. – М.: Наука, 1977. – С. 36-45.
- 5 Бейсембаева С.Б. Невербальные компоненты коммуникации в казахском языке: Дис. канд. филол. наук: 10.02.02. – Алматы: КазНУ, 2003. – 119 с.
- 6 Балли Ш. Французская стилистика. – М.: Изд. иностр. лит., 1961. – 394 с.
- 7 Балли Ш. Общая лингвистика и вопросы французского языка. – М.: Прогресс, 1967. – 559 с.
- 8 Trager G.L. Paralanguage: a first approximation, “Studies linguistics”. – 1958. – № 3. – P. 16-30.
- 9 Колшанский Г.В. Паралингвистика. – М.: Наука, 1974. – 81 с.
- 10 Крейдлин Г.Е. Невербальная семиотика: Язык тела и естественный язык. – М.: Новое литературное обозрение, 2002. – 592 с.